

Спорт түрлерін, спорт салаларын тану және спорт түрлерінің тізілімін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2014 жылғы 28 қазандығы № 55 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 28 қарашада № 9912 тіркелді.

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Занының 7-бабы 37) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 28.07.2022 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Спорт түрлерін, спорт салаларын тану және спорт түрлерінің тізілімін қалыптастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті (Е.Б. Қанағатов) заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін мерзімді баспа басылымдарында, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндеттін атқарушы

T. Есентаев

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт

министрінің міндеттін

атқарушының

2014 жылғы 28 қазандығы

№ 55 бұйрығымен бекітілді

Спорт түрлерін, спорт салаларын тану және спорт түрлерінің тізілімін қалыптастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 05.10.2017 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1. Осы Спорт түрлерін, спорт салаларын тану және спорт түрлерінің тізілімін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 7-бабының 37) тармақшасына сәйкес әзірленген және спорт түрлерін, спорт салаларын танудың және спорт түрлерінің тізілімін қалыптастырудың тәртібін айқындайды, сондай-ақ "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес "Спорт түрлерін, спорт салаларын тану" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 28.07.2022 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) спорт саласы – айырым белгілері бар және өзінде бір немесе бірнеше спорттық жарыстар түрі (бағдарламалары) қамтылатын спорт түрінің бір бөлігі;

2) спорт түрі – жаттығу ортасы, жарыстастық қызметіндегі дене шынықтыру жаттығуларының немесе интеллектуалдық қабілеттердің жиынтығы және жарыстар қағидалары айырым белгілері болып табылатын спорттың құрамдас бөлігі;

3) спорт түрлерінің тізілімі – Қазақстан Республикасының аумағында дамып отырған спорт түрлері мен спорт салалары туралы қағаз және электрондық жеткізгіштерде тіркелген мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 31.12.2021 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасының аумағында спорт түрлері мен спорт салаларын тану Заңының 34-бабының 1-тармағына сәйкес спорт түрлерінің тізіліміне (бұдан әрі - Тізілім) енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 30.04.2020 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Спорт түрлерін, спорт саласының белгілеріне жататын жарыстар қағидаларының, жаттығу ортасының, жарысушылықтың, спортшылардың қатысуы, қолданылатын спорттық мүкәммалдың (қорғаныс құралдарын есепке алмағанда) және жабдықтың болуы, адамның дене және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, оның қозғалыс белсенділігін жетілдіру және салауатты өмір салтын қалыптастыру спорт түрін, спорт саласын тануға негіздеме болып табылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 05.10.2017 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2-тaraу. Спорт түрлерін, спорт салаларын тану тәртібі

Ескерту. 2-тaraу жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 30.04.2020 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Спорт түрі бойынша аккредителген республикалық және (немесе) өнірлік спорт федерациясы (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) "Спорт түрлерін, спорт салаларын тану" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттар топтамасымен уәкілдегі органға "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүргінеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі кіретін мемлекеттік қызметті көрсетудің негізгі талаптарының тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) жазылған.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 26.01.2023 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-1. Көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына (портал арқылы қызмет көрсетуді ескере отырып), Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібіне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты ұсынады.

Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 26.01.2023 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс, мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Занына сәйкес өтінішті қабылдау, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 28.07.2022 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін портал арқылы жүгінген жағдайда Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттарды көрсетілетін қызметті алушы электрондық немесе сканерленген түрде жүктейді.

Бұл ретте, "жеке кабинетте" көрсетілетін қызметті алушының өтініштері тарихында мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салу қабылдау туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 26.01.2023 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

8. Уәкілетті органның жауапты орындаушысы құжаттарды портал арқылы алған сэттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Тізбенің 8-тармағында көзделген ұсынылған құжаттардың толықтығы мен сәйкестігін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының "Е-лицензиялау "Мемлекеттік деректер базасының" (бұдан әрі - ЕЛ МДК) бірыңғай көліктік қолымен қол қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 26.01.2023 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

9. Құжаттардың толық топтамасы 6 (алты) жұмыс күні ішінде уәкілетті органда қарастырылады, оның қорытындысы бойынша спорт түрлерін, спорт салаларын тану туралы бүйрық (бұдан әрі - бүйрық) қабылданады немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 28.07.2022 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

10. Спорт түрлерін, спорт салаларын танудан бас тарту туралы алдын ала шешім қабылданған немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін өзге де негіздер анықталған жағдайда, уәкілетті органның жауапты орындаушысы көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бүрын жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тындау нәтижерелі бойынша уәкілетті орган оң шешім қабылдаған кезде бұйрық қабылдайды, теріс шешім қабылдаған кезде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жолдайды.

Уәкілетті органның жауапты орындаушысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға бұйрықтың көшірмесін немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жолдайды.

Порталда – ЕЛ МДҚ-ның бірынғай көлік қолымен қуәландырылған мемлекеттік қызмет нәтижесінің дайындығы туралы хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 26.01.2023 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі уәкілетті органның бұйрығы немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

3-тарау. Тізілімді қалаптастыру тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 05.10.2017 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

12. Тізілім осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады және жүргізіледі. Спорт түрін, спорт саласын тану туралы уәкілетті органның шешімі Тізілімді қалыптастыруға негіздеме болып табылады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 30.04.2020 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Спорт түрі, спорт саласы Тізілімге спорт түрін, спорт саласын тану туралы шешім қабылданған күннен бастап, екі күнтізбелік күн ішінде енгізіледі.

14. Тізілімнің нысаны мынадай мәліметтерден тұрады:

- 1) танылған спорт түрінің атауы;
- 2) танылған спорт түрінің нөмір - коды;
- 3) танылған спорт саласының атауы;
- 4) танылған спорт саласының нөмір - коды.

15. Танылған спорт түрінің, спорт саласының нөмір – коды келесі төрт белгіден тұрады:

1) нөмір - кодтың бірінші белгісі спорт түрінің, спорт саласының жеке нөмірі болып табылады:

- 1 – олимпиадалық спорт түрлері;
- 2 – олимпиадалық емес спорт түрлері;
- 3 – ұлттық спорт түрлері;
- 4 – техникалық спорт түрлері;

5 – арнайы олимпиадалық спорт түрлери;
6 – паралимпиадалық спорт түрлери;
7 – сурдлимпиадалық спорт түрлери;
8 – әскери-қолданбалы спорт түрлери;
2) нөмір - кодтың екінші белгісі спорт түрінің, спорт саласының маусымдылығын айқындайды:

1 – жазғы спорт түрлері;
2 – қысқы спорт түрлері;
3 – маусымдық емес спорт түрлері;
3) нөмір - кодтың үшінші белгісі спорт түрімен, спорт саласымен шұғылданудың маусымын, сондай-ақ, спорт түрінің, спорт саласының ойын немесе ойын емес сипатын айқындайды:

1 – спорттың жазғы ойын емес түрі;
2 – спорттың жазғы ойын түрі;
3 – спорттың қысқы ойын емес түрі;
4 – спорттың қысқы ойын түрі;
5 – маусымдық емес, спорттың ойын емес түрі;
6 – маусымдық емес, спорттың ойын түрі;
7 – спорттың ойын, сондай-ақ, ойын емес спорт салаларынан тұратын маусымдық емес спорт түрі;

8 – спорттың ойын, сондай-ақ, ойын емес спорт салаларынан тұратын жазғы спорт түрі;

9 – спорттың ойын, сондай-ақ, ойын емес спорт салаларынан тұратын қысқы спорт түрі;

4) нөмір - кодтың төртінші белгісі спорт түрімен, спорт саласымен шұғылданушылардың жынысы мен жас санатын айқындайды:

А – ерлер, жігіттер (жасөспірімдер);
Б – әйелдер, қыздар (жасөспірім қыздар);
Г – ерлер, жігіттер (жасөспірімдер), әйелдер;
Д – қыздар (жасөспірім қыздар);
Е – ерлер, қыздар (жасөспірім қыздар);
Ж – әйелдер;
К – ерлер, әйелдер, қыздар (жасөспірім қыздар);
Л – ерлер, әйелдер;
М – ерлер;
Н – жігіттер (жасөспірімдер), қыздар (жасөспірім қыздар);
С – жігіттер (жасөспірімдер), қыздар (жасөспірім қыздар), әйелдер;
Ф – ерлер, жігіттер (жасөспірімдер), қыздар (жасөспірім қыздар);
Э – жігіттер (жасөспірімдер), әйелдер;

Ю – жігіттер (жасөспірімдер);

П – аралас жұп/топ;

Я – барлық санаттағылар.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 05.10.2017 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

16. Тізілімнің электронды нысаны спорт түрі, спорт саласы Тізілімге енгізілген күннен бастап, екі күнтізбелік күн ішінде өтініш берушіге жіберіледі.

17. Спорт түрінен аккредиттелген республикалық және (немесе) өңірлік спорттық федерациялардың өтініштерінің негізінде уәкілетті орган Тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 19.09.2018 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Уәкілетті орган Тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өтініш келіп түсken күннен бастап, он бес күнтізбелік күні ішінде қарастырады.

Ескерту. 18-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 08.02.2016 № 35 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге мыналар негіздеме болып табылады:

1) танылған спорт түрінің, спорт саласының атауының өзгертулуда;

2) жарыстар қағидасы немесе ресми халықаралық спорттық жарыстардың ережелерінің өзгертулуда;

3) танылған спорт түрлері, спорт салаларының біріктірілуда;

4) танылған спорт түрлері, спорт салаларының бөлінуі.

20. Уәкілетті орган Тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап, екі күнтізбелік күн ішінде Тізілімнің электронды нысанын өтініш берушіге жолдайды.

21. Осы Қағиданың 19-тармағында көрсетілген негіздемелердің болмауы, уәкілетті органның Тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдаудына негіздеме болып табылады.

22. Тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, уәкілетті орган өтініш берушіге шешім қабылданған күннен бастап, екі күнтізбелік күн ішінде хабарлайды.

23. Уәкілетті орган Тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған жағдайда, уәкілетті орган бұл туралы дene шынықтыру және спорт мәселелері жөніндегі облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына, дene шынықтыру және спорт

саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға шешім қабылдаған күннен бастап, он жұмыс күні ішінде хабарлайды.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 19.09.2018 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша уәкілетті органның шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 4-тaraумен толықтырылды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 30.04.2020 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Алып тасталды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 31.12.2021 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Алып тасталды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 31.12.2021 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Алып тасталды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 31.12.2021 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым лауазымды адамның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) беріледі.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасаған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешімді немесе әкімшілік әрекетті қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 31.12.2021 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Дене шынықтыру және спорт саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган басшысының атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының

шағымы оны қарауға қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

29. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп тұсken көрсетіletіn қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

30. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетіletіn қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Спорт түрлерін, спорт
салаларын тану және спорт
түрлерінің тізілімін
қалыптастыру қағидаларына
1-қосымша

Ескеrtу. 1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 30.04.2020 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 26.01.2023 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректарымен.

"Спорт түрлерін, спорт салаларын тану" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1.	Көрсетіletіn қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және денешінің тізімінде көрсетіletіn қызметті беруші .
2.	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	Құжаттарды қабылдау "электрондық үкімет" веб-порталы www.gov.kz (бұдан әрі - портал) арқылы жузеге асырылады.
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электронды (толық автоматтандырылған).
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Мемлекеттік көрсетіletіn қызмет нәтижесі спорт түрлерін, спорт салаларын тану туралы бүйрек немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Порталда-мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу үшін "Е-лицензиялау" Мемлекеттік деректер базасының бірыңғай көліктік қолтаңбасымен куәландырылған мемлекеттік қызмет нәтижесінің дайындығы туралы хабарлама.

6.	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алғынатын төлемакы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері</p>	Тегін.
7.	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат обьектілерінің жұмыс графигі</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат обьектілерінің жұмыс графигі</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат обьектілерінің жұмыс графигі</p>	<p>Көрсетілетін қызмет беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жуманы қоса алғанда, сағат 13.00 – дең 14.30 – ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00 – дең 18.30 – ға дейін. Портал: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүтінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекен-жайлары Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында: www.gov.kz/entities/msm "Қызметтер" бөлімінде орналастырылған.</p>
		<p>портала:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салуы; 2) құжаттың электрондық көшірмесі нысанында мәлімделетін спорт түрінің, Қазақстан Республикасында және әлемде спорт саласының дамуы туралы ақпарат, оның қысқаша сипаттамасы, пайда болу уақыты мен орны, халықаралық спорт федерацияларының болуы, өткізілген жарыстар саны, Қазақстан Республикасында шұғылданушыларды қамту,

	<p>адамның физикалық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытудағы, оның қозғалыс белсенділігін жетілдірудегі және салауатты өмір салтын қалыптастырудағы рөлі;</p> <p>3) күжаттың электрондық көшірмесі нысанында спорттық мүкеммалды (корганыс құралдарын есепке алмағанда) және жабдықтарды (болған жағдайда) қолданудың қысқаша сипаттамасын қамтитын өтінім берілген спорт түрін, спорт саласын оқыту бағдарламасы мен әдістемесі;</p> <p>4) спорт түрі бойынша аккредиттеген республикалық және (немесе) өңірлік спорт федерацияларының ресми сайтына сілтеме көрсетілген жарыс процесін, спортшылардың катысуын көрсететін спорттық жарыс барысының бейне (фото) материалдары;</p> <p>5) күжаттың электрондық көшірмесі нысанында өтінім берілген спорт түрінің спорт түрі, спорт саласы бойынша қағидалары немесе тиісті халықаралық спорт федерациясының өтінім берілген спорт түрінің, спорт саласының спорт түрі бойынша қағидаларының көшірмесі.</p>
9.	<p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған күжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидалардың 4 және 5-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, оның негізінде</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздері</p>

	<p>көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.</p>
10.	<p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда сұрау салады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтінім берген кезде дәйектілігін қолтаңбамен немесе ЭЦҚ-мен растай отырып, мынадай деректерді көрсетеді: тұрғылықты жерінің (орналасқан жерінің) мекенжайы, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі, электрондық мекенжайы.</p> <p>Цифрлық құжаттар сервисі "eGov mobile" мобиЛЬДІК қосымшасында авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандыру саласындағы үекілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуі қамтамасыз етеді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты Бірыңгай байланыс орталығына ұсынады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты</p>

көрсетілетін кызметті берушінің интернет-ресурсында көрсетілген телефондар немесе бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны бойынша алады.

Спорт түрлерін, спорт
салаларын тану және спорт
түрлерінің тізілімін
қалыптастыру қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. Қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 30.04.2020 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Спорт түрлерінің тізілімі

p/c №	Танылған спорт түрінің атауы	Танылған спорт түрінің номір-коды	Танылған спорт саласының атауы	Танылған спорт саласының номір-коды
1	2	3	4	5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК